

«Қ.Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Аға тәлімгердің 2024 -2025 жылдық есебі

Тәлімгер: Н.С.Балатаева

2024-2025 оқу жылы

24-25

Қыркүйек айынан бастап Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыты бойынша жұмыстар атқарылуда.

**«Жас Ұлан» қызметінің негізгі бағыттары:**

- 1.Зерде
- 2.Экоәлем
- 3.Руханият
- 4.Жеті жарғы
- 5.Отан
- 6.Еңбек
- 7.Салауат

Мектепте 2 қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын сағат 9 -00 де 1-сыныпқа аяқ басқан бүлдіршін балалардан басталды.

2 қыркүйек білім күні мен мектеп директоры Е.Адылбеков бүлдіршіндерді білім күнімен құттықтап, концерттік бағдарлама ұсынылды. 1-11 сынып аралығында **«Білімді ұрпақ жарқын болашақ»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

05.09.2024 жылдан бастап күнделікті мектеп оқушыларының мектепке келуі күнделікті қадағалануда. Бұл жұмыс жыл соңына дейін атқарылуда.

11.09.2024 жылы 8-11 сынып аралығына қыздар жиналысы өткізілді. Қыздар жиналысында қаралған басты мәселе **«Қызғалдақ»** қыздар ұйымының төрайымын сайлау. Сайлау ашық дауыс беру арқылы өткізілді, мұнда 3 үміткер ауысқа түсіп, Есмахан Аяла 75 % дуыспен қыздар ұйымының төрайымы болып сайланды.

Мүшелері: Орынбасар Аружан -9 сынып оқушысы  
Қазан айында 5-7 сынып аралығында **«таза мектеп»** атты мектепшілік сенбіліктер өткізіліп мектеп айналасын қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді.

16.09.2023 жылы Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасшысын сайлау жөніндегі 8-11 сынып аралығында жиналыс өткізілді. Мектеп Ұлан басы лауазымына үміткерлер ашық дауыс беру арқылы сайланды.

Мектеп Ұлан басы болып Хасан Мөлдір 10 сынып оқушысы сайланды.

Айдың соңғы аптасынан бастап, «*Жас ұлан*» ұйымының оқушыларымен бірлесе «*Мектеп –білім тірегі, Ұстаз оның жүрегі*» атты концерттік бағдарлама қойылып, мектеп ұстаздарына жақсы көңіл күй сыйлады.

19 қазан күні мектебімізде «Алтын күз Аруы-2023» байқауы өткізіліп аруларымыз түрлі өнер сайыстары бойынша сайысқа түсіп жеңімпаздар түрлі сыйлықтармен мақтау қағаздары мен марапатталды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспарына сәйкес, «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоба аясында 25 қазан республика күніне орай 23 қазан күні сағ 12-00 де ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен «Ән ұран орындау» челленджи өткізілді.

24 қазан күні «*Ел ертеңі Жас Ұлан*» тақырыбында мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, «Жас ұлан» ұйымына мектептің 4 сынып оқушылары арасынан үздік, екпінді, қоғамдық жұмысқа белсене ат салысатын, өз отанына адал 40 оқушы «Жас қыран» ұйымына 68 оқушы салтанатты түрде қабылданды.